

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "Қазақстан сарбазы - Воин Казахстана" газетін, орталық армия үйін, орталық ән және би ансамблін құру

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 14 желтоқсан 1992 ж. N 1053

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы" 1992 жылғы 7 мамырдағы N 745 Жарлығы негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің орталық баспасөз органы - "Қазақстан сарбазы - Воин Казахстана" газеті құрылсын және ол (редакциясы, баспасы мен баспаханасы) бұрынғы ОАӘӨ-нің "Боевое Знамя" газеті үйінде орналастырылып, соның базасы пайдаланылсын.

2. Алматы офицерлерінің гарнизон үйі Орталық армия үйі деп, ал бұрынғы 40-армияның ән және би ансамблі - Қазақстан Республикасы деп өзгертіліп, олар бұрынғы Алматы офицерлерінің гарнизон үйінде орналастырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне аталған мекемелерді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілері қатарынан офицерлермен, прапорщиктермен және мерзімнен тыс қызметшілермен жасақтауына рұқсат етілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

"Қазақстан сарбазы - Воин Казахстана" газетінің редакциясын, Орталық ән және би ансамблін бюджеттегі ұйымдар ретінде қаржыландыру туралы мәселені Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісетін болсын;

Орталық армия үйі мен "Қазақстан сарбазы - Воин Казахстана"

газеті баспаханасының қызметін шаруашылық есеп және өзін-өзі өтеу негізінде ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Республикалық Жастар сарайын және балаларға арналған демалыс лагерін құру туралы" 1992 жылғы 6 қаңтардағы N 8 қаулысының (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ, 1992 ж., N 1, 10-бап) 2 және 3-тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК